



***Денсаулық сақтау саласының ардагері, Қызылорда облысының және Жалағаш ауданының құрметті азаматы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Түрғанбай Маханов 80 жасқа толды.***

Қызылорда облысының әкімі К.Кошербаев ардагерді мерейтойымен құттықтап, аймақ медицинасын дамытудағы ерекше үлесін атап өтті.

«Облыстың денсаулық сақтау саласы дегенде, біздің мақтанар дүниеміз көп. Ойткені, қазақтан шыққан тұңғыш дәрігер Әли Қотібаровтан бастап, балалар хирургиясының атасы, дүниежүзілік деңгейдегі үлкен ғалым, академик, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Ормантаев Камал Сәруарұлы, Қазақстанның Еңбек Ері, 5 мыңнан астам жүрекке ашық ота жасаған Пя Юрий Владимирович, Қазақстанның «100 жана есіміне» кірген, медицина ғылымдарының докторы, профессор Баймаханов Болатбек Бимендіұлын және басқа да жерлес дәрігер

профессорларымызды мактана айтамыз. Сыр өңірі медицинасы тарихында Түрғанбай Маханұлының есімі ерекше аталады. Аймақтың денсаулық сақтау саласына сіңірген еңбегі үшін-теңіз, Сыр медицинасының көптеген жас дәрігерлеріне үлгі болды. Түрғанбай Маханұлы 1994 жылдың тамызынан 1996 жыл аралығында облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы лауазымын қоса атқарды. Қазіргі таңда облыстық медицина орталығының «Құрметті директоры», осы ұйым басшысының кеңесшісі, Қазақстан дәрігерлері мен провизорлары ассоциациясының Қызылорда облыстық филиалының Президенті», - деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі мерейтой иесіне саяси-әлеуметтік, экономикалық және денсаулық сақтау саласының дамуына сіңірген еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің «Алғыс хатын» және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Торайымы Дарига Нұрсұлтанқызының құттықтауын, сондай-ақ, «Ұлттық Медицина ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің ең жоғарғы наградасы «AVE-VITAE» орденін табыстады.

Сонымен қатар, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Торғелді Шарманұлы мен ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бактиярұлы, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Қорғанбек Қайруллаев және замандастары мен әріптестері ардагерді құттықтады.

Жиналған көпшілікке мерейтой иесі көрсетілген құрметтері үшін риясыз алғысын жеткізді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**